

Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар тағайындау және төлеу үшін құжаттарды қараудың тәртібі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2000 жылғы 18 ақпандағы N 46-п. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 наурызда тіркелді Тіркеу N 1097. Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-П бұйрығымен. ~V011432

"Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Z990414_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек

жағдайлары зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау және төлеу үшін құжаттарды қараудың тәртібі туралы Нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін
атқарушы

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2000 жылғы 18 ақпандағы
N 46-п бұйрығымен
"Бекітілген"

Жерасты және ашық кен жұмыстарында еңбек жағдайлары
зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға

мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындау және төлеу үшін
құжаттарды қараудың тәртібі туралы
Нұсқаулық

1. Жалпы ережелер

Осы Нұсқаулық "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Z990414_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңына сәйкес Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан (әрі қарай - ЗТМО) мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды (әрі қарай - мемарнаулыжәрдемақы) тағайындаудың және төлеудің тәртібін белгілейді.

Мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындауды Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі облыстық (Астана және Алматы қалалық) өкілдіктері (бұдан әрі - өкілдіктер) ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері арқылы жүргізеді.

2. Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды
тағайындау үшін құжаттарды қараудың тәртібі

1. 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің N 1 тізіміне орай (1-қосымша) жұмыс стажы бар адамдар тұрғылықты жеріндегі Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың аудандық (қалалық) бөлімшесіне мемарнаулыжәрдемақы тағайындау туралы өтінішке қоса жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақы тағайындау үшін қажетті құжаттар Тізбесінде (1-қосымша) көрсетілген барлық қажетті құжаттарды тапсырады.

2. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі құжаттар түскен күннен бастап мемарнаулыжәрдемақы алушыларға арнап іс қағаздарының жобасын жинақтайды. Мемарнаулыжәрдемақы алушылар істерінің осы жобасы негізінде әрбір алушыға мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау туралы шешімнің жобасын әзірлейді, оны ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесінің бастығы мен атқарушы маман куәландырады.

3. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі жинақталған іс қағаздарының жобасын облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЗТМО бөлімшелері арқылы өкілдіктерге жібереді.

ЗТМО облыстық, Астана және Алматы қалалық бөлімшелері шешімнің жобасына бұрыштама қойып, түскен күні мен нөмірін жазады және оны өкілдікке тапсырады.

4. Өкілдік құжаттар келіп түскеннен кейін 5-күн мерзім ішінде мемарнаулыжәрдемақы тағайындау туралы шешімді (2-қосымша) қарап, оны күнін, мөлшерін көрсете отырып бекітеді, шешімге мөр және бастықтың қолы қойылып куәландырылады, сосын оны облыстық (Астана және Алматы қалаларының) ЗТМО бөлімшелеріне жібереді.

5. ЗТМО облыстық бөлімшесі іс қағаздарының жобасын шешімнің бекітілген данасымен қоса ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесіне жібереді.

6. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі өтінішті тағайындалған мөлшер туралы шешіммен бірге мемарнаулыжәрдемақы алушының іс қағазына тігеді.

7. Мемарнаулыжәрдемақы тағайындатуға құқығы болмаған жағдайда өкілдік тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарып, мемарнаулыжәрдемақы алушының ісін ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінің шешімімен қоса облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ЗТМО бөлімдері арқылы кейін қайтарады және жәрдемақы тағайындаудан бас тарту туралы өтініш берген азаматқа хабарлайды.

3. Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды төлеу үшін құжаттарды қараудың тәртібі

8. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдері ЗТМО облыстық бөлімдерінен тағайындау туралы шешімді алғасын құжаттарға тиісті өңдеу жүргізеді:

- ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімдерінде есепте тұрмаған, арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алуға құқығы бар азаматқа N 2 - Тізім 1 - нысандағы (3-қосымша) картішкесін ашады;

- N 7- 1-Тізім (4-қосымша) нысаны бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақы төлеуге арнап екі данада тізімдеме-тізім жасайды, ағымдағы әр айдың 3-не дейін банктер бойынша топтамасымен бірге және соның негізінде N 4- 1 Тізім нысаны (5-қосымша) бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге қажеттіліктің тізімдеме-тізімі жасалып, N 6-Тізім (6-қосымша) есеп кітабында тіркеледі және ай сайын әрбір айдың 20-ына дейін: N 7 - 1 Тізім нысанындағы тізім-тізімдеме банктің филиалына, ал N 4 - 1 Тізім нысанындағы тізім-тізімдеме ЗТМО облыстық бөлімшесіне жіберіледі.

9. ЗТМО республикалық бөлімшесі мемарнаулыжәрдемақыларды

тізім-тізімдеме қосымшасымен бірге төлеуге арналған қаражаттарды қаржыландыруды әрбір айдың 25-не дейін қызмет көрсететін банктің корреспонденттік шотына бір уақытта хабарлама жібере отырып жүргізеді.

10. ЗТМО республикалық бөлімшесі төлеу тапсырыстарында мемарнаулыжәрдемақыға қажетті сомаларға қарай жинақтар бойынша шоттарға ақша аудару тізім-тізімдемелерінің нөмірлерін көрсетеді және есепке алу кітабында жазу жүргізеді.

Ұстап қалулар бойынша жалпы соманы да ай сайын ЗТМО облыстық бөлімшелеріне осылай аударып, есепке алу кітабына жазу жүргізеді.

11. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері N 7-1-Тізім тізім-тізімдемені үш данада жасап, екеуін банкке тапсырады, біреуін бақылау үшін өздерінде қалдырады.

12. Көрсетілген тізім-тізімдемелер мөртабанмен куәландырылып, оған ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімінің бастығы қолын қояды.

13. Мемарнаулыжәрдемақыларды төлеу аяқталғаннан кейін қызмет көрсетуші банк тізімнің бір данасын N 8-1-Тізім (7-қосымша) нысаны бойынша салыстырып тексерудің бірлескен актісін жасау үшін кейін қайтарады.

14. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері ЗТМО облыстық бөлімшесіне мемарнаулыжәрдемақылардың нақты жасалған төлемдері туралы ақпарат жібереді .

15. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесінде берілген тізім-тізімдеме негізінде N 2-1-Тізім нысанына ақпарат енгізеді.

16. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесінде толтырылған N 2-1-Тізім нысандағы жеке есеп картішкелері есепшоттардың тізілім-кітабында тіркеліп, картотекада өзге жәрдемақы түрлерінен бөлек топтастырылады.

17. Мемарнаулыжәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда және төленуі тоқтатылатын басқа да себептер бойынша ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері алушының есеп картішкесін жабады.

Мемарнаулыжәрдемақы төлеу оны алу құқығы тоқтатылған сәтке дейін жүргізіледі (қайтыс болуы, зейнетақы төлемдерін алуға ауыстырылу). Шетелге тұрақты тұруға кеткен жағдайда төлем тіркеуден шыққан айына дейін қоса төленеді.

18. N 2-1-Тізім нысандағы есеп картішкелерін жабар кезде "жәрдемақы төлемін тоқтату" бөлімінде ЗТМО бөлімшесінің қызметкері күні мен жабылу себебін бір мезгілде көрсете отырып, мемарнаулыжәрдемақы алушылардың есеп картішкелерінің тізілім-кітабына белгі қойып, жазады.

19. Алушының қызмет көрсетуші банктегі есепшотына аударылған мемарнаулыжәрдемақы сомасы ол қайтыс болғаннан кейінгі күннен басталатын кезең үшін ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесінің хаты негізінде

республикалық бөлімшенің есепшотына қайтарылуға тиіс.

20. Қызмет көрсететін банктегі жеке есепшотты өзгерту мемарнаулыжәрдемақы алушының ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесіне берген өтініші бойынша жүргізіледі.

21. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшелері жылына бір рет мемарнаулыжәрдемақы төлемдері бойынша есеп картішкелеріне түгендеу жүргізеді.

22. Қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерінде тұратын алушылардың N 2-1-Тізім нысандағы есеп картішкелеріне олардың интернат-үйлерінде тұратыны туралы белгі қойылады.

23. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі интернат-үйлерінің аумақтық орналасуына қарай ай сайын жәрдемақы алушының арнаулы (жеке) есеп шотына тағайындалған мемарнаулыжәрдемақы сомасын аудару үшін деректемелерін көрсете отырып N 4-Г-1-Тізім (8-қосымша) нысандағы мемарнаулыжәрдемақы алушылардың тізім-тізімдемесін ЗТМО облыстық бөлімшесіне табыс етеді.

24. Облыстық филиал бос ақпаратты белгіленген тәртіппен көрсетілген соманы қаржыландыруды жүргізетін ЗТМО республикалық бөлімшесіне жібереді.

25. Мемарнаулыжәрдемақы алушы бас бостандығынан айырылған жағдайда оларды ұстау шығынын өтеу үшін төлемдер 1997 жылғы 12 желтоқсандағы N 209-1 Z970209_ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Кодексінің 103-бабының 1, 3-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

26. Өзінің ұстау шығындарын өтеу үшін сотталған жәрдемақы алушы адам түзеу мекемесінің әкімшілігіне жазбаша түрде өтініш береді, Түзеу мекемесі тиісті ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесіне хат жолдап, онда сотталған адамның аты-жөнін, әкесінің атын, оның бұрынғы мекен-жайын, оған жәрдемақы қай кезеңге төленгенін, сондай-ақ жазасын өтеу мерзімі мен түзеу мекемесінің деректемелерін көрсетеді.

27. Түзеу мекемесінің тұрғылықты жеріндегі ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі түзеу мекемесінің хатын алған соң, сотталған мемарнаулыжәрдемақы алушының ісін оның бұрынғы мекен-жайы бойынша (сотталғанға дейінгі) ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесінен сұратады.

28. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі (түзету мекемесінің тұрғылықты жеріндегі) мемарнаулыжәрдемақы алушының ісін алып, оны есепке қояды және мемарнаулыжәрдемақыны түзеу мекемесінің арнаулы есепшотына аудару үшін деректемелерді көрсетіп, сотталған алушыны N 4-Д- 1-Тізім (9-қосымша) нысандағы тізім-тізімдемеге қосады.

29. ЗТМО облыстық бөлімшесі түзеу мекемесіне аударылуға тиісті мемарнаулыжәрдемақы төлемдерін төлеуге қажетті жалпы соманы жинақтаушы

кестеге енгізіп, оны көрсетілген соманы қаржыландыруды белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ЗТМО республикалық бөлімшесіне жібереді.

30. Түзеу мекемелерінде сотталушылардың жеке есепшотына, барлық ұсталымдарға қарамастан, оларға есептелген зейнетақысының немесе басқа табыстарының кемінде 25 проценті, 60 жастан асқан ер адамдардың, 55-жастан асқан әйелдердің, 1 және 2 топтағы мүгедектердің, балалар үйінде балалары бар әйелдердің жеке есепшотына оларға есептелген зейнетақысы мөлшерінің кемінде 50 проценті жазылады.

31. Мемәлеуметжәрдемақылар төлеуді қызмет көрсетуші Банк мемәлеуметжәрдемақылар алушылардың тізім-тізімдемелері негізінде жеке басын куәландыратын құжаты (жеке басының куәлігі немесе зейнеткердің куәлігі) болғанда жүргізеді. Азаматтың мемәлеуметжәрдемақыны салымдар шотына аудару арқылы алу туралы жазбаша өтініші оны қызмет көрсетуші Банк арқылы төлеу үшін міндетті шарт болып табылады.

32. ЗТМО аудандық (қалалық) бөлімшесі қызмет көрсетуші Банкпен бірлесіп ай сайын келесі айдың 5-не дейін ЗТМО облыстық бөлімдеріне облыс бойынша тексерудің жиынтық актісін жасау үшін жіберілетін N 8-1-Тізім нысаны бойынша салыстырып тексеру актісін жасайды.

1-қосымша

Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары
ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда
істеген адамдарға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар
тағайындау үшін құжаттардың
ТІЗБЕСІ

1. Мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау туралы өтініш, онда зейнетақы төлемдерін немесе мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алмайтыны көрсетілуге тиіс;

2. Жеке басын куәландыратын құжат (жеке басы куәлігінің көшірмесі);

3. Еңбек кітапшасы (көшірмесі), ол болмаған, сондай-ақ онда қажетті жазулар болмаған жағдайда, соның ішінде жұмыс істеген кезеңдері, стажы туралы

деректер дұрыс немесе нақты болмағанда сот органдарының шешімдерімен расталуға тиіс;

4. Жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайын растайтын ұйымның анықтамасы (тізбеге 1-қосымша).

Ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, лауазымы, мамандығы, жұмыс істеген кезеңдері мен жұмыс сипаты, архив ісінің нөмірі, оның беттері көрсетіліп, қол қойылып, мөр басылады.

Ұйым таратылғанда және архивтік құжаттар болмағанда айрықша жағдайларда ғана архивтік анықтаманың орнына облыс (Астана және Алматы) бойынша Мемлекеттік бас еңбек инспекторының қорытындысы ұсынылуы мүмкін (тізбеге 2-қосымша).

5. Тұрғылықты тұратын жерінен анықтама.

Тізбеге N 1 қосымша

(Ұйым)

" ____ " _____ жыл

Мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау үшін
жұмыстың ерекше сипатын немесе еңбек жағдайын
растайтын
АНЫҚТАМА

Азамат(ша) _____ берілді.

Ол ____ ж. _____ ж. _____ дейінгі

кезеңде _____ N 1 Тізімнің _____

(атауы)

бөлімі _____ тармағында көзделген ерекше зиянды

және ерекше ауыр еңбек жағдайында _____ жыл

_____ ай _____ күн, оның ішінде:

_____ ж. _____ ж. _____ дейін

_____ ретінде

(лауазым, қызмет атауы)

НЕГІЗДЕМЕ _____

_____ ж. _____ ж. _____ дейін

_____ ретінде
(лауазым, қызмет атауы)

НЕГІЗДЕМЕ _____

_____ ж. _____ ж. _____ дейін
_____ ретінде

(лауазым, қызмет атауы)

НЕГІЗДЕМЕ _____

М.О.

КӘСІПОРЫН БАСШЫСЫ

№ 2 қосымша

_____ облысы (Астана, Алматы қалалары)
бойынша Бас мемлекеттік еңбек инспекторының
_____ ерекше зиянды және
(жойылған ұйымның атауы)
ерекше ауыр еңбек жағдайына байланысты болған
кәсіптер мен лауазымдарды растау туралы

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

бұрынғы қызметкер _____
(ұйымның атауы, ТАӨ)

берген _____
(Ұйымды тарату туралы сот шешімінің, тағайындау және

_____ босату туралы бұйрықтардың, еңбек кітапшасының, куәгерлер
_____ құжаттар негізінде
көрсетулерінің көшірмелері және т.б.)

мынадай шешімге келемін:

1. _____ 19__ ж.
(ұйым атауы)

" " _____

(сот органының атауы)

сот шешімімен _____ себебі бойынша
(тарату себебін қысқаша жазу)

2. Аталған ұйымның өндірістік қызметі мен жұмыс сипаты
еңбектің ерекше зиянды және ерекше ауыр жағдайына

(байланысты, байланыссыз)

3. Штаттық кестеде N 1 Тізім бойынша арнаулы мемлекеттік
жәрдемақы тағайындатуға құқық беретін лауазым мен қызмет

(орын алуы мүмкін, орын алмауы мүмкін еді)

(ұйымның атауы)

_____ облысы бойынша
Бас мемлекеттік еңбек инспекторы

Ескерту:

Қорытынды Бас мемлекеттік еңбек инспекторының бланкісінде жасалады
және мемлекеттік арнаулы жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті органға
жіберіледі және оның көшірмесі өтініш иесіне беріледі

КОД

Тағайындалған мем.арнаулы жәрдемақы (немесе
тағайындалмаған мем.арнаулы жәрдемақы) мөлшері туралы

N _____ ШЕШІМ
" ____ " _____ ж.

1. "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, аса зиянды және аса ауыр
еңбек жағдайларында жұмыс істейтін адамдарға мемлекеттік арнаулы
жәрдемақылары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының _____ бабына
сәйкес тағайындалсын

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні _____ жынысы _____

(күні, айы, жылы) (әйел, еркек)

Тұрғылықты мекен жайы (нақты) _____

Жеке басының куәлігі N _____ " ____ " _____ 19__ ж.

Кім берген _____

Әлеуметтік жеке код

(ӘЖК)

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____

Өтінішпен барған күні _____

2000 ж. 01.01. жалпы еңбек стажы _____ жыл _____ ай _____ күн соның
ішінде жеңілдікпен есептегенде _____ жыл

Төленетін мем. арнаулы жәрдемақы мөлшері
200__ж."__"____200__ж."__"____ дейін
сомада_____

(сомасы цифрмен және жазбаша)
200__ж."__"____200__ж."__"____ дейін
сомада_____

(сомасы цифрмен және жазбаша)
Қызмет көрсетуші Банктегі есеп шотының N _____
19__ж."__"____ өзгерістер енгізілді
2. Мем. арнаулы жәрдемақы _____ тағайындалмасын
(себебі көрсетілсін)

М.О. Өкілдіктің бастығы _____ (Т.А.Ө)
Атқарушы _____ (Т.А.Ө)
Шешім жобасын дайындаған _____
(шешім жобасын дайындаған органның атауы)

Мөртаңбаның ЗТМО бөлім бастығы _____
орыны _____ (қолы) (тегі,аты, әкесінің аты)
Ескерту: шешімнің 2 тармағын мем. арнаулы жәрдемақы тағайындау
жөніндегі өкілдік толтырады (мем.арнаулы жәрдемақы тағайындамаған
жағдайда)

3-қосымша
Тізім 1 N 2-нысан

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың
мемлекеттік арнайы жәрдемақы төлеу жөніндегі N _____ есеп карточкасы

Код	Жәрдемақы тағайындаудың бастапқы күні
ӘЖК	200__ж."__"____
СТН	шешімнің N __/__ іс қағазының N ____
	Жеке шоты, банк деректемелері күні

Т.А.Ө _____
Туған жылы "__"____1999_жыл Жынысы (әйел, ер.)
Мекен-жайы _____
Жеңілдікті стажы __жас, жалпы стажы __жас Шифр

200__жылға 200__жылға

Төлем. !Есепт.жә.! Берешек ! Төлеу !!Төлем. !Есепт.! Берешек ! Төлеу

кезеңі !рд.сомас.!-----! барл. ! !кезеңі !жәрд. !-----! барл.

! !жәрд.!ат. !-----!! !сом. !жәрд.!ат. !-----

! !бойын!қа. !жәр.!ат.!! ! !бойын!қа. !жә.!ат.

! ! !ру !де. !қару!! ! ! !ру !рд.!қару

! ! !құж.!мақы!құж.!! ! ! !құж.!ма.!құж.

! ! !б. ! !б.!! ! ! !б. !қы !б.

-----! !-----

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 !! 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

-----! !-----

Қаңтар ! !Қаңтар

Ақпан ! !Ақпан

Наурыз ! !Наурыз

Сәуір ! !Сәуір

Мамыр ! !Мамыр

Маусым ! !Маусым

Шілде ! !Шілде

Тамыз ! !Тамыз

Қыркүйек ! !Қыркүйек

Қазан ! !Қазан

Қараша ! !Қараша

Желтоқсан ! !Желтоқсан

Барлығы: ! !Барлығы:

-----! !-----

200_жылға

200_жылға

Төлем. !Есепт.жә.! Берешек ! Төлеу ! !Төлем. !Есепт.! Берешек ! Төлеу

кезеңі !рд.сомас.!-----! барл. ! !кезеңі !жәрд. !-----! барл.

! !жәрд.!ат. !-----!! !сом. !жәрд.!ат. !-----

! !бойын!қа. !жәр.!ат.!! ! !бойын!қа. !жә.!ат.

! ! !ру !де. !қару!! ! ! !ру !рд.!қару

! ! !құж.!мақы!құж.!! ! ! !құж.!ма.!құж.

! ! !б. ! !б.!! ! ! !б. !қы !б.

-----! !-----

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 !! 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6

-----! !-----

Қаңтар ! !Қаңтар

Ақпан ! !Ақпан

Наурыз ! !Наурыз

Сәуір	! !Сәуір
Мамыр	! !Мамыр
Маусым	! !Маусым
Шілде	! !Шілде
Тамыз	! !Тамыз
Қыркүйек	! !Қыркүйек
Қазан	! !Қазан
Қараша	! !Қараша
Желтоқсан	! !Желтоқсан
Барлығы:	! !Барлығы:
-----! !-----	

Мем. арнайы жәрдемақы мөлшері Артық төлемдер

NN !жәрдемақы!Өзгерткен!Құжат ! !NN!құрылған!артық төлеу!өтеу !қалдық
р/р!мөлшері !күні !негізін.! !күні !сомасы !сомасы!
! ! !де ! -----
-----! !-----
1 ! 2 ! 3 ! 4 ! !-----
-----!

Жәрдемақы төлеуді тоқтату Жерлеуге бір жолғы жәрдемақы төлеу:
Тоқтату себебі Тоқтатқан күні 200_ж. "___"_____ теңге

(сомасын жазбаша)

Кәртiшкенiң ашылу дұрыстығын тексерген бас маман
Мөртаңба Т.А.Ә._____

Түгендеу туралы белгі 1._____ 2._____ 3._____
(Қызметі, Т.А.Ә., күні, қолы) _____

N 4-қосымша
Тізім 1 нысан N 7

Код _____ облысы _____ аудан, қала бойынша
мем.арнайы жәрдемақы алушыларға 19__ж. "___"___ мем.арнайы жәрдемақы төлеуге
N тізім-тізімдеме
Банк банк деректемелері

 N ! ТАӨ ! ӘЖК ! N 1 тізім ! Қызмет ! Төленетін мем.арн.жәрдем ! Жеке ! Есепке
 n/n ! ! ! бойынша ! көрсетуш. ! сомасы ! шотқа ! алынған
 ! ! ! мем.арн. ! банк жеке ! ----- ! есеп. ! күні
 ! ! ! жәрд.алу. ! есеп ! Ағымдағы ! Өткен уақ. ! ! ке !
 ! ! ! шы ісінің ! шотының ! Барлығы ! үшін ! ! алын. !
 ! ! ! нөмері ! N ! уақыт ! ! ! сом !
 ! ! ! ! ! үш. ! ! ! !

 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8 ! 9 ! 10

Барлығы:

 Ескерту: 9, 10 бағандарды Банк толтырады
 ЗТМО бөлімінің бастығы _____ Банк бөлімінің _____
 Бас бухгалтер _____ басқарушысы (бас
 Мөртаңба бухгалтер)
 М.О.

N 5-қосымша
 Тізім 1 нысан N 4

код _____
 (Зейнетақы орталығының қалалық, аудандық бөлімі)
 _____ N 1 тізім бойынша мем.арнайы жәрдемақы төлеуге тізім-тізімдеме
 19__ж. _____ үшін
 Аймақ _____
 Банк _____ Банк деректемелері _____

 Төлем тапсырмасының N _____ Күні _____
 Жалпы сомасы _____
 (сомасы жазбаша)

 N ! СТН ! Т.А.Ә. ! Қызмет көрсетуші ! Төленетін жәрдемақылар сомасы ! Алушы қайт
 n/n ! ! ! банктегі жеке ! ----- ! бол.байлан.
 ! ! ! шоттың N ! Ағымдағы ! Өткен ! Барлығы ! алынб. мем.
 ! ! ! ! уақыт ! уақыт ! ! арн.жәрдем.
 ! ! ! ! үшін ! үшін ! ! ақы сомасы

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

Барлығы:

ЗТМО аудандық, қалалық бөлімінің _____ жауапты орындаушысы _____
ЗТМО облыстық бөлімінің _____ операциялық жұмыс бөл.баст. _____

N 6-қосымша

Тізім 1 нысан N 6

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық
1-тізім бойынша мем.арнаулы жәрдемақылар жөніндегі төлеу
тапсырмалары есебінің кітабы

Төлеу !Төлеу ! Төлеу!Алушының!Сом!Зейнет.орталы.!Аудару туралы!Жауапты
тапсыр.!тапсыр.!тағай.!деректе.! !ғы бөлімшесі. !белгі !орындау.
масы !масының!ындау !мелері ! !нің атауы ! !шын.
күні !нөмірі ! ! ! ! !Т.А.Ә.

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7 ! 8

N 7-қосымша

Тізім 1 нысан N 8

Төленген мем. арнайы жәрдемақы сомалары бойынша
_____Банк филиалы мен_____Зейнетақы
төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың филиалы арасында өзара
есеп айырысу туралы 199_ж._____үшін
салыстырып тексеру Актісі

N ! ! Сом
n/n! !

1. 1999 ж._____ "1" Банк бөлімшесі қарызының қалдығы

2. Банк бөлімшесіне 199_ж._____ " __ " Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық аударған-барлығы
Банк бөлімшелері 199_ж._____ " __ " төлеген-барлығы
3. Оның ішінде салымдардан Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа қайтарылды (N 9 қосымша) Барлығы
- 3а. Салымдарға есептелгенге дейін Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа қайтарылды-барлығы
4. Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа алдыңғы айларда есепке алынған салымдардан қайтару сомасы-барлығы
5. Банк қызметі үшін есептелген комиссиялық сыйақы-барлығы
6. 199_ж._____ " __ " банк бөлімшесі қарызының қалдығы

БАРЛЫҒЫ:

Банк бөлімшесінің директоры	ЗТМО бөлімшесінің директоры
_____ Т.А.Ә.	_____ Т.А.Ә.
Бас бухгалтер	Бас бухгалтер
_____ Т.А.Ә.	_____ Т.А.Ә.

N 8-қосымша
Тізім 1 нысан N 4-B

Код _____
(Зейнетақы орталығының қалалық (аудандық)бөлімі)
Интернат-үйлерінде (пансионаттарда) тұратын N 1 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылар үшін _____
_____ бойынша тізім-тізімдеме 19__ж._____ үшін
Аймақ _____
Банк _____ Банк деректемелері _____

N ! СТН ! ТАӘ ! Қызмет көрсет.! Ағымдағы айда ! Мем.арнайы ! Ақша
n/n! ! !банктегі жеке !мем.арнайы !жәрдем.төлеу!қаражаты.
! ! !шоттың N !жәрд. қажеттігі!бойынша !ның жалпы
! ! ! ! !қарыз !қажеттігі

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5 ! 6 ! 7

Барлығы:

ЗТМО аудандық, қалалық бөлімінің _____ жауапты орынд. _____
ЗТМО _____ облыстық филиалының операциялық жұмыс бөлімінің
бастығы _____

N 9-қосымша
1 Тізім-нысан N 4-Д

код _____
(ЗТМО қалалық (аудандық) бөлімшесі)

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың және жазасын түзеу мекемелерінде
өтеушілердің N 1 тізім бойынша 199__ж. _____ үшін мемлекеттік арнайы
жәрдемақы алуына арналған тізім-тізімдеме

_____ бойынша
Түзету мекемесінің банк деректемелері _____
_____ төлеу тапсырмасының N күні _____
сомасы _____

NN ! ӘЖК ! Т.А.Ә. ! N 1-тізім бойынша мем. ! Жәрдемақы мөлшері
р/р ! ! ! арнайы жәрдемақы алушы !
! ! ! ісінің нөмірі !

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

Барлығы:

ЗТМО аудандық, қалалық бөлімшесінің _____ міндетті атқарушысы _____
ЗТМО облыстық филиалының _____ операциялық жұмыс бөлімінің
бастығы _____

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК